

**Жумашева А.Б., э.ғ.м. оқытушы (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ),
Егімбаева Т.Ж., Турдишов А.А., 2 курс студенттері
(академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

EXPO 2017 – ЕЛ МӘРТЕБЕСІНІҢ АСҚАҚ РУХЫ

Әлем халқы жаңа дәуірге орай жаңа бастамалар легін 2017 жылы Астанада өтетін «EXPO-2017» көрмесінен көретін болады. «Болашақтың энергиясы» тақырыбындағы шара Елбасы жиырма бірінші ғасырдың тап бесінші сын-қатері деп таныған жаһандық энергетикалық қауіпсіздіктің алдын алатынына сенім мол. Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Назарбаев «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты биылғы жолдауында: «Астанадағы Дүниежүзілік «EXPO-2017» көрмесіне дайындықты болашақтың энергиясын іздеу және жасау жөніндегі озық әлемдік тәжірибені зерделеу мен енгізу орталығын құру үшін пайдалану керек. Мамандар тобы Назарбаев университетінің қолдауымен осы жұмысқа кірісуге тиіс. Біз қоғамдық көлікті отынның экологиялық таза түрлеріне көшіруге, электромобильдерді енгізуге және олар үшін тиісті инфрақұрылым қалыптастыруға жағдай жасауымыз керек. Еліміз бензинді, дизель отынын, авиация керосинін молынан өндіруді қажет етіп отыр. Жаңа мұнай өңдеу зауыттарын салу қажет» – дейді.

Ең үздік технологиялық, ғылыми, мәдени жетістіктерін көрсететін «EXPO-2017: болашақтың энергиясы» көрмесінде әлемнің барлық мемлекеті жаһандық дамудың жаңа күн тәртібін қалыптастыратынын айта келіп, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев: «Астананың жеңіп шығуы бекерден бекер емес.

Біріншіден, елордамыздың әлемдік деңгейдегі шараны лайықты өткізе алатын орталық ретінде қалыптасқаны баршаға белгілі болды.

Екіншіден, таңдаудың Қазақстан пайдасына шешілуі мемлекетіміздің табыстары жоғары бағаланғанын білдіреді және Еуразия өңірінде де оның даму келешегі кемел екенін айғақтай түседі.

Үшіншіден, біздің «Болашақтың энергиясы» атты өзекті тақырыпты ұсынуымыз жеңіске жетуімізге көмектесті. Іс жүзінде III индустриялық революция «жасыл экономикадан» басталмақ. Бұл ретте қай елде «жасыл экономика» болса, соның қолында жаңа технологиялар бар. Ал жаңа технологияларсыз енді даму жоқ.

EXPO-2017 көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, күн, жел, теңіз, мұхит және термалды су тәрізді бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. Астана осы саладағы ең үздік әлемдік әзірлемелер мен трендтер көрсету үшін тиімді алаңға айналуы мүмкін. Көрме сондай-ақ елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыру үшін қуатты серпін береді.

Мұндай ауқымды іс-шараны өткізу шағын және орта бизнестің дамуына елеулі серпін береді. Көрме елорданың көрмелер объектілері құрылысы мен инфрақұрылымына едәуір жеке меншік инвестицияны тартуға мүмкіндік туғызады.

EXPO көрмесін өткізу кезінде Қазақстанның астанасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген түрлі мәдениеттер үніне толады. Көрменің аумағында күн сайын концерттер, шоу, ұлттық күндер және өзге де ойын-сауық іс-шаралары өтетін болады.

EXPO бүкіләлемдік бірегей көрмесі – маңызы жағынан дүниежүзілік экономикалық форумдармен, ал туристік тартымдылығы бойынша ең танымал әлемдік деңгейдегі спорттық жарыстармен салыстыруға тұрарлық жаһандық ауқымдағы оқиға.

EXPO-ны өткізу тарихына қарасаңыз, үлкен көрмелердің құрметіне әр ел өзінің техникалық мүмкіндігін паш ету үшін сәулет туындыларын салуға тырысқан. Мысалы, алғашқы EXPO-дан Лондонда Хрусталь сарайықалғанеді, ол 1936 жылыөрткеораныпкетті. Парижде Эйфель мұнарасы, Брюссельде Атомиум, Монреальда Хабибат деген ерекше

тұрғын үй кешені тұрғызылғаны белгілі. Ендеше, Астана көрмесінде де сәулет тарихына ұялмай кіретін туындылар салынатынына мемлекет кепілдік бері потыр. Көрме өтіп біткен соң қалған павильондардың біразы ғылыми зертханалар, ғылыми орталықтар, зерттеу институттары ретінде қолданылады. Бұл туралы Сыртқы істер министрінің орынбасары Рәпіл Жошыбаев мәлім деген болатын. Бұл павильондардың негізінде «Зерттеу орталығы» құрылып, оны «Назарбаев университеті» АҚ-ына бекітіп береді. Бұл дегеніміз, ЕХРО-дан қалған кешендер Қазақстанның ғылымын дамытуға серпін береді деген сөз.

Қазақстан «ЕХРО-2017» көрмесін өткізу арқылы әлемдік танымалдылыққа қол жеткізуге, брендке айналуға мүмкіндігі болады. Брендтің әрқашан қымбат бағаланатыны және қымбатқа түсетіні белгілі. Еуразия құрлығының ортасында Қазақстанның тиімді орналасуы шетелдік қонақтардың қызығушылығын тудырады. Себебі, әрбір адам біліміне қарамастан, жаңа елдерді танып, білгісі келеді және ЕХРО-ны өткізетін Астана географиялық жағынан бүкіләлем туристерінің назарын өзіне аудартады. Көрменің экономикалық тиімділіктері де айтарлықтай маңызға ие. Мысалы, халықаралық көрме кешенін салу барысында ілеспе бизнесті дамыту, оның ішінде тамақтану орындарын ашу мәселелері қарастырылуда. «Астана ЕХРО-2017» ұлттық компаниясының құрылыс жөніндегі атқарушы директоры Мұрат Омаровтың айтуынша, халықаралық көрме кешенінің аумағында көптеген қоғамдық тамақтану орындары салынады екен. «ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу кезінде барлығы 50 қоғамдық тамақтану орны мен 200-ге жуық сауда автоматтары жұмыс істейтін болады», – деді ол.

Әлемдік деңгейдегі шараны ұйымдастыруда ел экономикасына тигізер басты пайдасының бірі – ел аумағында республикалық маңызы бар, арнайы кешен құрылысы салынып, қалааралық жолдар жөнделіп, мемлекеттің туристік әлеуеті айтарлықтай артады. Мысалы, Көлік және коммуникация министрлігінің мәліметін ежүгінсек, Астана – Теміртау, Астана – Павлодар, Шортанды – Зеренді автокөлік жолдары осы көрменің арқасында қайта төселетін болды. Қазіргі таңда жолды жөндеу, қайта төсеу және құрылыс жұмыстары басталып кеткен. 2016-2017 жылдарға дейін бұл жұмыстар толықтай аяқталуы тиіс. Бұған қоса Астана оңтүстік-батыс айналма жолы салынады. 31 шақырымдық айналма жол астанадағы көліктер ағынын азайтып, жүккөліктерін қала сыртына шығаруға сеп болмақ. Көктемде Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырысында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «ЕХРО-2017» халықаралық көрме кешені бір реттік қана емес, ұзақ мерзімді стратегиялық жоба екенін баса айтты. Елбасының айтуынша, көрме болашақта Қазақстанның барлық аймақтары үшін технологиялық трансфертке айналуы әбден мүмкін. «ЕХРО-2017» көрмесіне әлемдегі ең озық технологияларды, ең жақсы дүниелердің бәрін жинаймыз және әлемге бізде не бар екенін көрсетеміз. ЭКСПО көрмесін Қазақстанның бүкіл аймағы үшін орталық технологиялық трансферт ретінде қалдырамыз», – деген болатын Президент Н. Назарбаев.

«ЕХРО-2017»-нің тағы бір пайдасы сол, біз елімізге келген миллиондаған туристерге ұлттық құндылықтарымызды насихаттай аламыз. Біздің тарихымызға, мәдениетімізге, әдебиетімізге қатысты түрлі кітаптарды шеттілдерге аударып, келген қонақтарға ұсынылады, жан-жақты қосымша көрмелер, концерттер ұйымдастырылады деп күтілуде. Ол үшін үлкен дайындық жұмыстары әлде қашан басталып кеткен. Оған халықтың да қосар үлесі болуы қажет. Мысалы, әрбір қазақстандық шамасы келгенше осы шараны насихаттап, сырттан қонақтар, туристер шақыруға өз үлесін тигізсе, одан бәріміз ұтамыз. Интернет арқылы, әлеуметтік желілер арқылы насихаттау шараларын жүзеге асыруға болады. Сонымен қатар, көрмедеірі бизнес форумдар, түрлі кәсіби халықаралық жиындар өткізу жоспарланып отыр.

Президент көрмеге дайындық пен оны өткізу шараларына бөлінген қыруар қаржыны жіті бақылауда ұстау қажеттігіне баса назар аударған болатын. «Бюджет ақшасын алып, жай жұмсай салуға болмайды. Оны сауатты әрі тиімді түрде игеру керек. Біріншіден, нақты есеп болған жөн. Бір жылда бюджеттен қанша ақша бөлінуі тиіс? Жеке

инвестициялардың үлесі қандай? Жалпы, шығындардың көлемі қандай болады? Осының барлығын нақты білу керек. Екіншіден, барлық қаржы көздерін тарту қажет. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестігін де ұмытпауымыз тиіс. Қазірдің өзінде жеке инвесторлар мен демеушілерді кеңінен тартқан жөн», – дейді Н.Назарбаев.

Шыны керек, көрмені өткізу жұмысына бөлініп жатқан қаражаттың көлемі аз емес. Президент соңғы Жолдауында Ұлттық қорданқосымша 40 миллиард теңге бөлуді тапсырды. Ол ақша «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі арқылы несие ретінде берілімек. Оған ЭКСПО-2017 кешенінің құрылысын жалғастыру жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Астана әуежайының жаңа терминалын салу мен ұшып-қону алаңын жаңарту жұмыстарына 29 миллиард теңге бөлуге тапсырма берді. Осының арқасында 2017 жылы әуежайдың жолаушыларды өткізу қарқыны жылына 3,5 миллион адамнан 7,1 миллионға көбейеді.

Жалпы, Қазақстан ЭКСПО көрмесін өткізуге 283 миллион еуро жұмсамақшы. Ұйымдастырушылардың айтуынша, көрмеден кейін ол ақшаның барлығы мемлекетке қайтарылады. «ЭКСПО – 2017 көрмесінің шығындары Тіркеу досьесінде көрсетілген – 283 миллион еуро. Оны операциялық шығындар деп атайды. Артынан біз соның барлығын бюджетке қайтаруымыз қажет», – дейді Т.Ермегияев. Оның айтуынша, жеке инвесторлар мен демеушілердің арқасында жоба толығымен ақталады.

Қазіргі жоспарға сәйкес, ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу және оған дайындық шаралары барысында коммерциялық жұмыстан 283 миллион еуродан астам қажы түседі. Олақшаның 81 пайызы – демеушілер мен билет саудасынан келетін пайда. Негізі, көрмеқонақтары сан алуаншараларға 5 миллион рет (5 миллион адам емес – авт.) келіпкетсе, билеттер саудасынан 82 миллион еуро түседі деген жоспар бар.

«Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы демеушіліктің төрт деңгейін белгіледі. Онда қаржының көлемі ескеріледі. Соған қарай инвесторларға сан алуан салықтық жеңілдіктер берілімек. Сондай-ақ олар өз тауарлары мен қызметтерін көрме аумағында ешбір кедергісіз сата алады. Компания басшысы Талғат Ермегияевтың сөзіне қарағанда, көрмеге қаржы тартудың бірнеше жолдары қарастырылған. Мәселен, қандай да бір нысанды салып жатқан инвесторға жер телімі жалға беріледі, бірақ артынан сол учаскені толығымен сатып алуға мүкіндік бар. Бұдан бөлек, жердің өзі кепілге беріледі де, инвестордың қаржысы тартылады. Сондай-ақ құрылыс нысандарын бірлесіп қаржыландыру тетіктері де жоқ емес. Бүгінде көрме құрылысына тартылған жеке меншік инвестициялардың жалпы көлемі шамамен 1 миллиард долларды құрап отыр.

ЭКСПО-2017 көрмесіне отандық экономиканың барлық ресурстарын тарту қажет. Әсіресе, шағын және орта бизнестің ат салысқаны маңызды. Біз еліміздің өндірістік күшін салып, сырттан келетін құрылыс материалдары мен қызметтерінің импортын барынша азайтуымыз қажет. «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы осы мәселені жан-жақты зерделеп, тиісті жұмыстарды қолға алды. Қазіргі кезде қазақстандық кәсіпкерлер үшін қоғамдық тамақтану, қонақүй мен туристік бизнесі, сан алуан концерттер мен ойын-сауық шараларын өткізуге рұқсат беру тетіктері әзірленді. Сондай-ақаймақтармен тікелей байланыс орнатылып, отандық өнеркәсіптер шығаратын өнімдердің базасы жасалып жатыр.

«Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы осы жұмысты шапшаңдатуға мүдделі. Осылайша, құрылыс материалдарын шығаратын шағын және орта бизнеспен арнайы меморандумдар рәсімделді. Онда Солтүстік Қазақстан, Қызылорда мен Қарағанды облыстарының кәсіпкерлерін көрме кешенінің құрылысына тарту қарастырылған. Бұл жұмыс әлі де жалғасатын болады.

Қазақстанды көркейтуде «ЕХРО-2017: болашақтың энергиясы» сияқты бүкіл әлемдік маңызға ие сындарлы істен ешкім де сырт қалмақ емес. Тек қана жаһандық деңгейдегі ұлы міндеттер мен мақсаттарға ұмтылған ұлттар ғана жеңіске жетеді. Сондықтан, бәсекеге қабілеттілікке бет түзеу ұлт рухының ең маңызды міндетіне айналуы шарт. Қазақстанның әрбір азаматы мұны жақсылыққа, байлыққа, ақылдылыққа ұмтылыс деп танып, туған

елінің гүлденуіне қолдан келгеннің бәрін істеуі қажет. Әрбір адам өз бойындағы асыл қасиеттерді дамытып, олар жеңіс рухының өз ғұмырының, қоғам мен мемлекет өмірінің бір бөлшегіне айналуына бар күш-жігерін сарпетуі тиіс. Иә, бізге болашағымызды дұрыс болжап, әлеуетті елге айналу үшін тек ұмтылыс керек, еңбек пен қабілет керек, ең бастысы – Отанға деген шексіз сүйіспеншілік пен ауыз біршілік, президентіміздің алғыр бастамаларына шексіз сенім керек.

Әдебиеттер

1. Вақ.kz
2. stud.kz
3. old.el.kz

Шоқан Р. э.ғ.к. (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)

ЭКОНОМИКАНЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА ҮШІН «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» КӨШУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

«Қазақстан-2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясында елдің «жасыл» даму жолына негізделіп отырып, экономиканың тұрақты әрі тиімді моделіне бағдарлану керектігі нақты айқындалған.

«Жасыл экономика» өмір сүрудің жоғары деңгейін, қазіргі және болашақтағы ұрпақтың мүддесі үшін жер асты және жер үсті табиғи ресурстарды барынша тиімді пайдалануды, табиғатты пайдалану әрі қорғаудың халықаралық экологиялық міндеттемелері нақты көрсетілген Рио-де Жанейро, Стокгольм Декларацияларын басшылыққа ала отырып іске асыруды талап ететін экономика ретінде сипаттауға болады.

«Жасыл экономиканы» елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің тетігі ретінде санау керек. Қазақстан Республикасы үшін «жасыл экономикаға» көшу әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіру туралы мақсатын қамтамасыз етудің құралына айналу қажет.

2050 жылдарға қарай мемлекет экономикасының «жасыл экономикаға» айналу жағдайында ІЖӨ қосымша 3 пайызға артып, 500000 жаңа жұмыс орындары құрылып, тұрғындардың сапалы өмір сүру стандарттарына қол жету мүмкіндігін қамтамасыз ететін жаңа қызмет сфералары мен өнеркәсіп салалары ұйымдастырылуы мүмкін [1]. «Жасыл экономикаға» көші үшін қажетті инвестиция мөлшері жыл сайын ІЖӨ 1 пайызын немесе жылында 3-4 млрд. АҚШ долларға жетуі мүмкін. Қазақстан экономикасын «жасыл экономикаға» көшірудегі негізгі қажеттіліктерді төмендегідей сипаттауға болады:

Біріншіден, экономиканың негізгі секторларында ресурстарды тиімсіз пайдалану байқалып отыр. Бұл үрдіс салдарынан, сарапшылардың бағалауы бойынша экономика үшін жылында 4-8 млрд АҚШ доллары пайдаға айналмауы мүмкін, ал бұл көрсеткіш 2030 жылдарға қарай 14 млрд. АҚШ долларына жетеді деген ұсыныс жасалған.

Жердің төмен өнімділігі нәтижесінде қалыптасатын экономикалық жоғалтаулар жылында 1,5-4 млрд. АҚШ долларын құрайды, 2030 жылға қарай мұндай зиянның мөлшері еселене артады. Бұл жағдай тұрғындарының 30-45 пайызы ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін Солтүстік Қазақстан, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстары үшін әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің туындауына әкелу ықтималдылығы басым.

Екіншіден, энергетикалық ресурстарға баға белгілеу мен тарифтік жүйенің жетілдірілмеуі, осы салада жұмыс істейтін өнеркәсіптердің технологияны жетілдіру мен қуаттылықты арттыруға ынта туғызбай отыр.